

## "Сараптау кеңесі туралы ережені" бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1997 жылғы 10 қаңтар N 7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 265. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 117 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.*

*Төраға*

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
жөніндегі агенттігі басқармасының  
2005 жылғы 26 наурыздағы  
N 117 қаулысына Қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған  
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

- 1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының "Сарапшылар кеңесі туралы Ережені" бекіту туралы 1997 жылғы 10-қаңтардағы N 7 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 265 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы бойынша нормативтік құқықтық және нормативтік актілері жинағында 1997 жылы жарияланған)...*

-----

*Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы  
қаулы етеді:*

- 1. "Сараптау кеңесі туралы ереже" қосымшаға сәйкес бекітілсін.*
- 2. Талдау басқармасы 1997 жылғы 1 ақпанға дейін Сараптау кеңесінің жеке*

құрамын айқындау жөніндегі қажетті шаралар дайындасын және жүргізісін.

3. Сараптау кеңесінің Төрайымы болып БҚҰК мүшесі Шалғымбаева Галина Николаевна тағайындалсын.

4. Сараптау кеңесінің хатшысы болып БҚҰК атқарушы аппаратының талдау басқармасы қоғамдық байланыстар бөлімінің бірінші санатты маманы Сарғожина Гауһар Мұратқызы тағайындалсын.

5. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы "Сараптау кеңесі туралы ережені" Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

#### *Ұлттық комиссияның Төрағасы*

Қазақстан Республикасының  
Бағалы қағаздар жөніндегі  
ұлттық комиссиясының  
1997 жылғы 10 қаңтардағы  
N 7 қаулысымен бекітілді

### **Сараптау кеңесі туралы ереже**

Осы ереже Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы жанындағы Сараптау кеңесінің өкілеттіктерін, құзырлығын және қызметінің ережелерін белгілейді.

1. Сараптау кеңесі құрылу мақсаты және қызметі мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпқой қатысушылардың және олардың Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногын қалыптастыру және дамыту жөніндегі мәселелер бойынша бірлестіктерінің келіскен және үйлескен іс-қимылдарын қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

2. Сараптау кеңесінің сандық құрамы мүшелері 15 адамнан аспайтындай белгіленеді және:

- мемлекеттік органдардың және қызметтері қаржы рыногын және бағалы қағаздар рыногын реттеуге байланысты ұйымдардың 7 адамнан аспайтын;

- бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттеуші ұйымдарының, олардың одақтарының, қауымдастықтарының және өзге қоғамдық ұйымдардың, тәуелсіз сарапшылардың және шетел мамандарының 8 адамнан аспайтын өкілдерінен тұрады.

3. Мемлекеттік органдардың және ұйымдардың өкілдері (Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүліктерді басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің) Сараптау кеңесінің құрамына мемлекеттік органның әрқайсынан бір өкіл ұсыну бойынша енгізіледі.

Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары бірлестіктерінің, олардың қауымдастықтарының, бірлестіктерінің өкілдері (әрбір бірлестіктен бір өкіл) аталған ұйымдарда сайланады және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Сараптау кеңесінің құрамына енгізеді.

4. Сараптау кеңесінің жеке құрамы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Төрағасының өкімімен бекітіледі.

5. Сараптау кеңесіне жетекшілік жасауды Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мүшелері арасынан Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының Сараптау кеңесінің Төрағасы жүзеге асырады.

6. Сараптау кеңесінің Төрағасы Сараптау кеңесінің қызметін ұйымдастырады және жетекшілік жасайды. Сараптау кеңесінің отырысында Төрағаның о р ы н б а с а р ы с а й л а н а д ы .

7. Сараптау кеңесінің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіледі.

8. Сараптау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі - оларды Сараптау кеңесі құрамына бекіткен күннен бастап аталған мерзімді екі жылға дейінгі мерзімге ұзарту мүмкіндігімен екі жыл. Сараптау кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері Сараптау кеңесінің шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

9. Сараптау кеңесі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- бағалы қағаздар рыногындағы қызметтердің құқықтық режимдерін белгілейтін нормативтік актілердің жобаларын сараптау;

- бағалы қағаздар рыногын реттеудің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар ж а с а у ;

- органдардың бағалы қағаздар рыногын дамытуға қатысты мәселелер бойынша Сараптау кеңесіне ұсынған шаралар жоспарын келістіру;

- мемлекеттік органдар мен бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының кәсіби бірлестіктердің қызметтерін үйлестіру;

- Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар шығарылымы және айналысы саласындағы заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасап, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына ұсыну;

- инвесторлардың құқықтарын түсіндіру жөніндегі консультациялық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу.

10. Сараптау кеңесінің барлық мүшелері өздерінің міндеттерін қарымтасыздық негізде орындайды.

11. Сараптау кеңесінің отырыстары Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мен бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының бірлестіктері айқындайтын мәселелер бойынша алқалы шешімдер қабылдау үшін шақырылады.

12. Алдағы болатын отырыс туралы хабарлай отырып, Сараптау кеңесі отырысының күн тәртібі мен материалдарын Сараптау кеңесінің хатшысы отырыс басталардан кем дегенде 10 күн бұрын Сараптау кеңесінің мүшелеріне ж і б е р е д і .

Сараптау кеңесі кез келген уақытта өзі бекіткен соңғы күн тәртібіне отырыс ашылған кезде өзгерістер енгізуге құқықты.

13. Сараптау кеңесінің бағалы қағаздар рыногындағы қызметтердің мәселелері жөніндегі шешімдері ұсыныс беру сипатында болады және мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауыстарымен қабылданады және дауыс беруге Сараптау кеңесінің барлық құрамының кемінде 2/3 мүшесі дауыс беруге қатысқанда қабылданған болып саналады. Шешімдер хаттамалар түрінде р е с і м д е л е д і .

14. Сараптау кеңесінің іс қағаздарын БҚҰК атқарушы аппараты қызметкерлері арасынан БҚҰК Төрағасы тағайындаған хатшы жүргізеді.

15. Сараптау кеңесі жиналыстарының хаттамаларына Сараптау кеңесінің Төрағасы мен хатшысы қол қояды. Төраға жоқ болған жағдайда отырыс хаттамаларына төрағаның орынбасары қол қояды.

16. Сараптау кеңесінің шешімдері ұсыныс беру сипатында болады.

17. Сараптау кеңесінің қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы жүзеге асырады.